

Қобда ауданы И. Білтабанов атындағы ауылдық округінің И. Білтабанов атындағы ауылының Жастар көшесін қайта атау туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы И. Білтабанов атындағы ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 10 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Қобда аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 28 тамызда № 3-7-176 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Ақтөбе облыстық ономастикалық комиссияның 2018 жылғы 2 мамырдағы хаттамалық шешімінің негізінде және И. Білтабанов атындағы ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып, Қобда ауданы И. Білтабанов атындағы ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қобда ауданының И. Білтабанов атындағы ауылдық округі И. Білтабанов атындағы ауылының "Жастар" көшесі "Барақ Сәрсенбаев" есімімен қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешімнің оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*И. Білтабанов атындағы
ауылдық округінің әкімі*

Е. Удербай